

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құру мақсатындағы уақытша келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2017 жылғы 7 наурыздағы № 5 Өкімі

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құру мақсатындағы уақытша келісімнің Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі мақұлдаған жобасын Еуразиялық экономикалық комиссиядан алған күннен бастап, келісімге Еуразиялық экономикалық одақ атынан қол қою туралы мәселенің Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысында қаралатындығын ойда тұта отырып, 3 апталық мерзімде оған қол қою үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуді қамтамасыз етсін.

2. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республи касынан	Қы р ғ ы з Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-----------------------------